

Е.Т. Өміржанов¹, Қ.Ж. Байтекова²¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;²С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: yesbol_1981@mail.ru)

Мөде қағанның саяси-құқықтық көзқарастары

Мақалада Қытайдың мұрағат құжаттарына, сонымен қатар тарихи аңыздарға сүйене отырып, ғұндардың ұлы билеушісі Мөде қағанның өмірі мен саяси қызметі қарастырылды. Қазіргі кезде Қазақстанның саяси-құқықтық ілімдерінің тарихын зерттеуде зерттеушілер көбінесе портреттік әдісті қолданады. Себебі бізге жеткен жазба құжаттардың аздығы, сонымен қатар тарихи тұлғалардың артына қалдырған өсиет сөздердің ұмыт болуы олардың жеке басына қатысты мәліметтерді де зерттеуді талап етеді. Авторлар Мөде қаған туралы тарихи мәліметтерге баса назар аударып, Тұман қаған қайтыс болған соң және Мөде билікке келген кезге ғұндар мен Қытай мемлекеті арасында орныққан саяси қатынастарға сипаттама берді. Мөденің саяси-құқықтық көзқарастарын зерттей отырып, оның жерсіз мемлекеттің болмайтындығы туралы, жерді өзгелерге беруге болмайтындығы жайлы айтқандарына айрықша назар аударылды. Сондай-ақ Мөде қағанның Қытай императорларымен жазысқан хаттары зерттелді, олардың негізінде сол тарихи кезеңдегі екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастар тарихын да көруге болады. Қорытынды ретінде Мөденің саяси-құқықтық көзқарастарының Қазақстанның саяси-құқықтық ілімдерінің тарихындағы алатын орны мен ролі жайлы тұжырым жасалған.

Кілт сөздер: Мөде қаған, саяси-құқықтық көзқарастар, мемлекет, мұрағат құжаттары, ғұндар, ежелгі Қытай, дипломатиялық қатынастар.

Кез келген мемлекеттің алға қарай дамып, кемелденуі үшін тек халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына ғана емес, саяси-рухани мәселелерге де назар аудару қажет. Тәуелсіздік жылдарында елімізде бұрындары зерттелмеген, тасада қалған мәселелерге көңіл аударылып, ескі тарихқа да зерттеулер жүргізуге талпыныстар жасалында. Дегенмен, әлі де болса, ұлттық идеологияның мемлекет тарапынан мықтап қолға алынбауы, халықтың басын біріктіретін идеяларға назар аудармаушылық, ескі тарихты жаңа бағытта зерттеуге талпыныстың болмауы сияқты жағдайлар да орын алуда. Қазақтың ескі тарихына баса көңіл аудармау осы тарихпен байланысты қаншама ғылым саласының да дамымай артта қалуына әсерін тигізуде. Жалпы, заң ғылымының теориялық-тарихи блогы тікелей тарихқа байланысты, оның негізін құраушы мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, құқықтық-саяси ілімдер тарихы негізінен тарихи зерттеулерді басшылыққа алады. Әсіресе соңғы жылдары отандық ғалымдар тарапынан Қазақстанның саяси-құқықтық ілімдер тарихын зерттеуге үлкен талпыныстар жасалуда. Көптеген зерттеушілер Қазақстанның хандық дәуірдегі, Ресей қоластындағы, кеңестік кезеңдегі саяси-құқықтық ілімдерінің тарихына, жекелеген тарихи тұлғалардың саяси-құқықтық ұстанымдарына талдау жасап, ғылыми еңбектер жазып жүр. Дегенмен, бұл салада да, әлі де болса, зерттеуді талап ететін тақырыптар аз емес, бұл Қазақстанның көне тарихына, ондағы өмір сүрген тарихи тұлғаларға байланысты. Саяси-құқықтық ілімдер тарихын зерттеу үшін ізденуші тікелей тарихшылардың, философтардың, саясаттанушылардың, қажет болса, әдебиетшілердің еңбектеріне жүгінеді. Ал қазіргі кездері, өкінішке орай, қазақтың ескі тарихы, ондағы тарихи тұлғалардың артына қалдырған өсиеттері турасында көбінесе тәуелсіздік жылдары жазылған қазақ әдебиетшілерінің еңбектерін кездестіреміз. Ескі замандардағы еліміздің тарихына қатысты жаңаша көзқараспен жазылған тарихи-зерттеу еңбектері өте аз. Еліміздің ескі тарихы бойынша көршілес Қытай елінің мұрағатында сақталған мәліметтермен мамандар әлі де болса жұмыс істеп, жан-жақты қамтылған, ғылыми негізделген зерттеу еңбектерін жарияласа, өзге саланың зерттеушілері үшін үлкен көмек болар еді... Осы себептен де Қазақстанның саяси-құқықтық ілімдерінің тарихын зерттеушілер көне дәуірдегі саяси-құқықтық идеяларды зерттеп жүрген жоқ. Ал, анығында, арнайы ғылыми талдау жасау арқылы сонау ескі замандарда өмір сүрген тарихи тұлғалардың ел мен жер туралы, ел басқару, заң шығару жайлы көзқарастары әлі де болса өз құндылығын жоғалтпағанына көзжеткізуге болады.

Аталған жағдайларды ескеріп, орын алып жатқан олқылықтардың орнын толтыруға үлес қосу мақсатында қазақтың көне замандардағы саяси-құқықтық ілімдерінің тарихы бойынша ғылыми мақалалар сериясын жариялауды жөн көрдік. Еліміздің көне тарихындағы тарихи тұлғалар туралы

сөз қозғағанда біз, ең алдымен, көне сақтар мен ғұндарды еске аламыз. Аталған кезеңнің аса көрнекті өкілдері жайлы сөз қозғалғанда тарихи деректердің жетімсіздігі салдарынан олардың саяси-құқықтық көзқарастарына талдау жасау қиындық туғызады. Десе де, қолда бар дерек көздеріне сүйене отырып, олардың кейбіреуінің саяси-құқықтық портретін жасауға болады. Осындай аса көрнекті тұлғалардың бірі — Мөде қағанның саяси-құқықтық идеяларына осы мақалада талдау жасауға тырысамыз.

Мөде б.з.д. 209–174 жж. аралығында өмір сүрген ғұндардың патшасы, оның әкесі Тұман Тәңірқұт болған. Мөде қаған жайлы мәліметтердің көбі бірсарынды болып келеді, қазіргі кезде бұл тақырыпта жаңаша сипатта ғылыми-зерттеу жұмыстарының болмауы себепті Мөденің саяси-құқықтық ой-пікірлері туралы сөз қозғағанда кеңес дәуірінде жарық көрген еңбектерді басшылыққа алуға мәжбүрміз.

Мөденің нақты айтқан сөздері мен ойлары бізге дейін қытай жылнамаларында сақталған, ол туралы мәліметтерден және оның қытай басқарушыларына жазған хаттары арқылы жетті. Мөденің саяси-құқықтық көзқарастарына оның жасаған іс-әрекеттері арқылы да сипаттама беруге болады. Себебі Мөде туралы жеткен мәліметтерден оның тек ержүрек батыр ғана емес, өте айналы қолбасшы және әккі саясаткер болғанын көре аламыз. Мөденің білікті қолбасшы және мықты ұйымдастырушы болғаны жайлы оның өз әкесі Тұман Тәңірқұтты өлтіріп таққа отыруы жайлы мәліметтен біле аламыз. Мөденің өз әкесін өлтіріп, оның тағына отыруына өзіндік себептері болды. Тұман Тәңірқұттың екі әйелінен екі ұлы болады. Өзінің кіші ұлына бүйрегі бұратын болғандықтан, тақты соған мұраға қалдыру үшін Мөдеден құтылмақшы болып әкесі оны юечжилерге аманат етіп береді. Сосын юечжилерге шабуыл жасап, олардың өзінің ұлын өлтіруіне жағдай жасайды. Бірақ ержүрек Мөде юечжилерден қашып құтылып, әкесіне қайтып келеді. Мөде әкесінің өзіне жасаған қастандығын түсініп, оған кектенеді. Елге келген соң әкесі оның батырлығына қайран қалып қарамағына 10 000 шаңырақты береді. Мөде өзіне қарасты адамдардан әскер жасақтап, оларды соғыс өнеріне баулиды. Ол өз жауынгерлерінен өзіне толық бағынуды талап етіп, атқанда ысқырып дыбыс шығаратын жебе атуға үйретеді. Мөденің талабы әскерінің өзі атқан нысанаға атуы болады. Әскерінің өзіне толық бағынатындығын тексеру үшін ол бірде өзінің тұлпарын атады, әскері де оған атуы қажет еді, дегенмен, кейбірі атты обалсынып атпайды. Мөде тұлпарға оқ атпағандардың басын кестіреді. Енді бірде өзінің сүйікті әйелін атады, әскердің кейбірі оған оқ атпайды, Мөде дереу әйелге оқ атпағандардың басын алады. Тағы бірде Мөде ысқырғыш жебемен әкесінің тұлпарын атады, сонда барлық әскер бірден тұлпарға оқ жаудырады. Әскерінің өзіне толықтай бағынатындығына көзі жеткен соң аң аулап жүргенде әкесіне жебесін атады, әскері бірден оқ жаудырып, Тұман Тәңірқұт қайтыс болады. Әкесін өлтіріп, таққа отырған Мөде өгей шешесін, бауырын, бағынғысы келмеген рубасыларын толық өлтіріп, өзін Тәңірқұт деп жариялайды. Бұл б.з.д. 209 жыл еді [1; 75]. Бұл баяндалған жайттан аңғаратынымыз Мөденің аса білгір қолбасшы болғандығы, яғни, сол кезеңдегі адамдардың сана-сезім деңгейімен алып қарағанда жауынгерлікте жетістікке жетудің басты кепілі жауынгерлердің бұйрықты бұлжытпай орындауға дағдылануы екендігін түсініп, сол мақсатқа жету жолында өзіндік әдіс-тәсілдерді қолдануы. Сонымен қатар билікке келген соң өзіне болашақта қарсылық ұйымдастыруы мүмкін, қауіпті адамдардың (өгей шешесі, бауыры мен олардың жақтастары) барлығының көзін жою арқылы елдің басын қосуға кедергілерді жоюы. Осы тұста Мөденің қаталдығының басты себебі ретінде сол кезеңдегі Ғұн мемлекеті үшін басты мәселе жан-жақтан анталаған жаулардан қалайда қорғанып, мемлекетті сақтап қалу болғанын айрықша атап өткен жөн. Ғұндардың мемлекеттік құрылысы олардың қоғамдық құрылысы сияқты иерархиялық тәртіппен құрылды. Б.з.д. V–IV ғасырларда Жұн тайпалық одағынан құралған Ғұн мемлекеті көршілес тайпалар мен Қытай патшалығы арасында орын алған үлкен қақтығыстар нәтижесінде бой көтерген болатын. Мемлекеттің негізін қалаушылар және олардың мұрагерлері өздерінің басты мақсаты ретінде «садақ тартатын барлық халықтарды» (көшпелілерді) бағындыруды және «жер үйлерде тұратын адамдардан» (отырықшы халық) үстем болуды айқындады [2; 70]. Осындай қиын жағдайда Ғұн мемлекеттілігін сақтап қалудың басты жолы қоғам ішінде қатаң тәртіп орнатып, мемлекет ісінде тек бір мақсат пен айқын идеологияға негізделген әрекеттер жасау болды.

Аса мән беретін мәселе Мөденің мемлекетшілдігі, яғни, оның мемлекет басшысы ретінде өз елін қорғап қалу, елдің біртұтастығын қамтамасыз ету, өзге мемлекеттерге есесін жібермеу турасындағы ұстанымдары әлі де өз өзектілігін жоя қойған жоқ. Мөде елдің ел болып сақталуының басты кепілі — оның аумағының біртұтастығы қағидасын мықтап ұстанды. Сонымен қатар ғұндар елінің бастапқы кезден ірі бақталасы болған Қытай елінің жерге қатысты талаптарын орындамай, оларға, керісінше, талап қою арқылы ол өз елінің болашақта Қытай елімен тепе-теңдікті ұстап тұруына мән береді.

Мөденің өз мүддесін мемлекет мүддесіне жығып бере алатын мемлекетшілдігін оның Қытай елшілеріне өзінің тұлпары мен әйелін беріп жіберуінен көруге болады. Яғни, Мөде үшін жеке басының мүддесі мемлекет мүддесінің қасында түкке тұрғысыз дәрежеде болады. Мұндай деңгейде ойлайтын саясаткерлер тарихта бірен-саран ғана кездесетіндігін ескерсек, солардың бірі осы Мөде екендігін айрықша атап өту қажет. Бізге жеткен мәліметтер бойынша, Мөде қаған билікке келген соң Қытай билеушілері оның салық төлеуін талап етеді. Олардың Мөдеден салық ретінде талап еткені Мөденің әкесінен қалған жүйрік тұлпары болады. Мөде бұл істі билердің кеңесіне салады. Бектер тұлпарды қытайларға беруге қарсы болады. Бірақ Мөде қытайлармен жауласпау үшін тұлпарды беруге ұйғарады. Тұлпарды алған соң қытай елі Мөдеден өзінің бір ханымын сыйға беруді талап етеді. Ғұнның бектері Қытай елшісі әкелген хатты оқып ашуланып, соғысу қажеттігін айтады. Бірақ Мөде елшіге бір тоқалын беріп жібереді. Елшіден «ғұндар Қытай елінен тыныштық тілейді, сыпайылық, әдептілік адамның сүйетін ісі ғой» деген сөздерді айтып жібереді. Бірақ қытайлар ғұндарға астамшылық істерін көбейте береді. Енді олар «Мөде бізден қорқады екен, олай болса, екі үкімет арасындағы ұзындығы мың шақырымға созылып жатқан бос жерді сұрап алайық», — деп тағы да елші жібереді. Мөде бектерін жинап алып кеңескенде олардың бір бөлігі бос жатқан құнарсыз жерді беруді, екінші бөлігі бермеуді жақтады. Мөде оған қатты ашуланып, «Бұл не деген сөз? Жер халықтың қазынасы, оның күнкөрісі. Оны қалай бересің?» — деді [3; 12]. «Жерді беру — бүгінгі тоқтығына тасыған, бірақ ертеңгі күні қарны ашарын ойламаған тоғышарлардың ісі. Ондайлар — елдің жауы. Жер — ұрпаққа қалдырар жалғыз мұраң. Жерді беру — ұрпағыңды сол мұрадан айырып, ертең біреуге тәуелді ету, құлдыққа беру. Жерді берейік деу — ұрпақтың жауы. Жауға аяушылық жоқ. Өлім!» [4; 84] — деп, жерді сатуды қолдағандардың барлығының басын алуды бұйырады. Мөде жерсіз мемлекеттің өмір сүруі мүмкін еместігін алға тарта отырып, өзінен әлдеқайда күшті жау мемлекетке қарсы шығуға ұйғарым жасайды. Жер үшін басын өлімге тіккен Мөде тез арада әскер жасақтап бейқам жатқан Қытай еліне шабуыл жасап, оларды тас-талқан етіп жеңеді. Жеңіске жеткен соң Мөде әскерін таратпай юечжилерге шабуыл жасап, оларды да батысқа ығыстырады. Осы тұста Мөденің құнарсыз жерлерді қытайлықтарға бере салып, тыныштықта өмір сүруді таңдамауының басты себебі, ол жерлерді берген соң оларға жаңа қоныстанушылар орнығып, уақыт өте келе тағы да жер сұрау жалғасын табатындығы жайлы ойлауы болды деп топшылауға болады. Қазіргі тыныштықты ойлап болашақтағы мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтірмеуді ойлағандықтан, ол бірден жауынгерлерді жасақтап, шабуылға шығады.

Мөденің тағы бір жанашылдығы, оның бұрындары Қытай қарамағында болған тайпаларды біртіндеп біріктіріп, біртұтас, үлкен күшті мемлекет құруы болды. Ол қытай елімен тең дәрежеде байланыс орнатудың басты кепілі бытырап жатқан тайпаларды біріктіру екендігін жақсы түсінеді. Қытайлармен ұрыста жеңіске жеткен соң біртіндеп Мөде жиырмадан аса тайпаларды біріктіріп үлкен күшті мемлекет құрады. Ол тайпаларды біріктіріп қана қоймай жүйелі түрде тұрақты басқаруды жүзеге асырудың жаңа тегігін іске қосады. Барлық тайпаларды ұлысқа бөліп, олардың ішінен мыңбасы, жүз басы, он басы атақтарын орнықтырады. Осылайша, Мөде бұрынғы Қытай қарамағында болған тайпалардан оған қарсы үлкен күш қалыптастырды. Сол кезеңде Мөденің атты әскерінің саны 300 мың болды. Б.з.д. 203–202 жж. Мөде Қытай шекарасындағы бірнеше тайпаны бағындырып, Қытайға шабуылдарды бастайды. Бұл кездегі Қытайда билікке Хан әулетінің негізін қалаушы Лю Бан Гаоцзы төңкеріс жолымен келген еді. Ғұн әскері б.з.д. 200 жылдың қысында Цзиньян қаласына келеді. Оған қарсы Гаоцзы әскерді өзі бастап шығады, қыс болғандықтан, қытай әскері үлкен қиындықтарға тап болады. Қытай әскерін айламен қоршауға алған ғұндар жеті күн бойы оларға шабуыл жасаумен болады. Ақырында, қытай тыңшылары Мөденің әйеліне сый-сияпат жасап, оны Мөдені келісімге келуге көндіртеді. Келісім «бейбітшілік пен туысқандық» келісімі деп аталады. Оған сәйкес қытай патшайымы Ғұн патшасына күйеуге беріліп, оған келісімде белгіленген мөлшерде тарту-таралғы берілетін болады. Лю Банның қызы Мөдеге күйеуге тиюге қарсы болғандықтан, ол туыстарының бірінің қызын патша қызының киімін кидіріп, ұзатады. Бұл туралы Мөде тек кейінірек біледі, бірақ елге күлкі болмау үшін ешкімге тіс жармайды. Осы келісімнен кейін 23 жыл бойы екі арада бейбіт қатынастар орнайды.

Осы оқиғадан соң 5 жыл өткенде Лю Бан қайтыс болып оның тағына оның әйелі Лю-Хоу отырады. Мұны естіген Мөде патшайымға келесідей хат жолдайды: «Сіз де, патшайым, жалғызсырап жүр екенсіз. Мен де сыңарсызбын, әрі көңілім жабығулы. Екеуіміз де торығып, ішқұсалықпен күн кешіп жатырмыз. Жанымызға жұбаныш табуға ел тіршілігі мұрша берер емес. Сондықтан да менің жоғымды сен, сенің жоғыңды мен түгендеп, жоғымыздың орнын толтырсақ қайтеді». Бұл хатты алған

соң патшайым алғашында ашуланса да уәзірлерімен кеңесіп, оған келесідей жауап береді. «Тәңірқұты ескінің көзі — мен байғұсты ұмытпай, хат жолдапты. Көңілім секем алған мен байғұс басым әуелгіде тіксініп қалдым да, оңашада ақылыммен кеңестім. Жасым болса шау тартты, көңілім құлазыды, шашым түсе-түсе сиреді, тісі, құрғыр, түсіп бітті, тізем қалтырайтын болды. Тәңірқұты, менің жайымнан хабардар шығарсыз, сондықтан да өзіңізді де әуреке салып қайтесіз. Еліме естияр болып отырған мен байғұсты қинамаңыз. Тілегіңізді қабыл етпегенім үшін ғафу өтінемін», — деп, Мөдеге сый-сияпат жібереді [5; 262].

Бұл хаттардан біз Мөденің әккі саясаткер болғанынан хабардар боламыз, яғни, оның кезінде өзіне жасалған әділетсіздіктерді жауының өзіне қайтару арқылы әлсіреп жатқан Қытай елінен өз кеткен есесін қайтарғысы келгендігін көруге болады. Сонымен қатар осындай оңтайлы тұста қытай ханшайымын шамдандырып, ашуына тию арқылы қателік жіберуін күтіп, дереу шабуыл жасауды көздегенін де атап өтуге болады.

Мөденің ел билеудегі дипломатиялық қырын да ол жазған хаттар аша алады. Б.з.д. 178 жылы Қытайда таққа Вэн-ди патша отырды. Ол бұрынғы келісім бойынша алым-салық төлеуді тоқтатты. Жауап ретінде ғұндар шекаралық аймақтарда шабуыл жасап, елді мекендерді тонай бастайды. Бұған ашуланған Вэн-ди 80 мың әскермен ғұндарға қарсы жорыққа шығады. Жорыққа шыққан патшаға астанадан суыт хабар келеді, оның елде жоқтығын пайдаланып, Лю Банның немересі Лю-Син-Цзюи сарайға бет алғаны мәлім болады. Сондықтан Вэн-ди әскерімен кері қайтуға мәжбүр болады. Бұдан кейін б.з.д. 174 жылы Мөде Қытай патшасына сый-сияпатпен бірге хат жібереді. Ол хатында шекараға шабуыл жасаған оң қол уәзірін жазалап батысқа иүзилерге жорыққа жібергенін. Оның иүзилерді жеңіп елге оралғанын баяндап, круана, үйсін, хужие және өзге де 26 бектіктің ғұндарға бағынғанын жазады. Ол хатын келесідей жалғастырады: «Содан көшпелі елдердің басы қосылып, солтүстік алап тыныштандырылды. Енді жорықты тоқтатып, әскерлерді, ат-көлікті тынықтырсақ деген ойдамыз. Патша ғұндарды Ұлы қорғанға жақындатқысы келмейді екен, ендеше, шекарадағы тұтық бектері мен тұрғындарын ішкеріге қарай алысырақ алып барып қоныстандырса, көңіліміз жайланар еді». Осы хаты арқылы Мөде жаңа императордың ғұндарға немқұрайлы қарамай, бұрыннан бекітілген салықты уақытылы төлеуін, егер олай жасамаса, бұрынғыдан да күшейе түскен ғұндардың ашық шабуылға шығатындығын астарлы түрде жеткізеді.

Вэн-ди бұл хатқа келесідей жауап берді: «Тәңірқұттың өткен іспен есептеспей, әуелгі бітімді жаңғырту ниетін патша шын пейілмен қабыл алады! Әсілі, қасиетті патшаның арманы, міне, осы еді. Хан патшалығы мен ғұндар бітім жасасып, аға-бауыр болып жатса, Тәңірқұтқа мол сый көрсетпекпіз. Ғұндар өздері көбінесе бітімді бұзып, аға-бауырлық, туыстық қатынасты алшақтатып келеді. Ал, оң қол уәзірдің алғашқы уақиғасына кеңшілік етіп, Тәңірқұт оны ауыр жазаламас! Тәңірқұт айтқанында тұрып, ұлықтарына анықтап ұғындырса, олар бітімді бұзып жүрмесе, Тәңірқұттың хаты сенімді болса...» [5; 265]. Осылайша, Мөде үлкен дипломат ретінде орын алуы мүмкін соғысты болдырмай, өзінен күші басым дұшпанын бұрынғыша салық төлеуді жалғастыруға илкітіреді.

Қорыта келсек, еліміздің тарихында ел басқарып, ұлт мүддесі үшін күрес жүргізген, көршілес жатқан елдермен ұтымды байланыс орната білген бірегей тұлғалардың бірі — Мөде қағанның саяси және құқықтық ұстанымдарының әлі де болса берер тәлімі мол. Бүгінгі күні ұрпақ бойындағы ұлтшылдық пен отансүйгіштікті дамыту үшін Мөде сияқты ұлы тұлғалардың атқарған істері мен артына қалдырған өсиеттерін насихаттау қажет. Сондықтан осы бағытта әлі де болса ірі ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіліп, Мөде жайындағы қытай елінің мұрағаттарында сақталған құжаттармен біздің ғалымдарымыз әлі де жұмыс жүргізуі тиіс деген пікірдеміз.

Мөденің мемлекет пен құқыққа қатысты ұстанымдарымен танысу арқылы олардың әлі де болса өз өзектілігін жоймағанын көре аламыз. Тіпті, оның ел мен жерге қатысты пікірлерінің соншама уақыт өтсе де, бүгінгі еліміз үшін қажет маңызды саяси шешімдер қабылдауда басшылыққа алынуы керектігі еш дәлелдеуді қажет етпейді. Мөде қағанның жерге байланысты ұстанымы бүгінгі күні де өз маңыздылығын жойған жоқ, көршілес елдердің жалпы саяси-экономикалық, әскери, демографиялық әлеуетін ескерсек, біздің мемлекетіміз жерге қатысты Мөде ұстанған саясаттан айнымауы тиіс екендігіне көзжеткіземіз. Жалпы алғанда, ұзақ уақыт бойы үлкен империямен тайталаста өмір сүрген көшпенділер мемлекетінің басшысы, дарынды саясаткер Мөде қағанның саяси-құқықтық ой-пікірлері әлі де болса ел игілігіне жұмыс істеп, көптеген саясаткерлер үшін маңызды бағыт көрсете алады деп ой түйіндеуге болады.

Әдебиетер тізімі

- 1 Гумилев Л.Н. Хұндар / Л.Н. Гумилев. — Алматы: Қазақстан, 1998. — 528 б.
- 2 Кляшторный С.Г. Государство и народы Евразийских степей. Древность и средневековье / С.Г. Кляшторный, Т.И. Султанов. — СПб.: Востоковедение, 2004. — 368 с.
- 3 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар: ғылыми-зерттеу мақалалар / Ә. Марғұлан. — Алматы: Жазушы, 1985. — 368 б.
- 4 Салғарин Қ. Алтын тамыр: роман-эссе / Қ. Салғарин. — Алматы: Жалын, 1986. — 288 б.
- 5 Жұртбаев Т. Дулыға. Көне түркі батырлары туралы тарихи әңсанаалар / Т. Жұртбаев. — Алматы: Жалын, 1994. — 368 б.

Е.Т. Омиржанов, К.Ж. Байтекова

Политические и правовые взгляды Модэ кагана

В статье на основе архивных данных Китая, а также исторических легенд рассмотрены жизнь и политическая деятельность великого гунского правителя — Модэ кагана. Сейчас при исследовании истории политической и правовой мысли Казахстана многими учеными используется портретный метод, поскольку наблюдается недостаточность письменных документов, сохранившихся до наших дней. Кроме того, многие из высказываний исторических личностей забыты, что заставляет изучать сведения, касающиеся личности каждого из них. В этой связи авторы большое внимание уделили и историческим сведениям, касающимся личности Модэ. В статье описаны политические отношения между китайским государством и гуннами после убийства Туман кагана и прихода к власти Модэ. Изучая политико-правовые взгляды Модэ, особое внимание уделено его высказываниям о невозможности существования государства без земли, о недопустимости передачи земли другим. Также в работе изучена переписка Модэ с китайскими императорами, на основании которой можно сделать некоторые выводы относительно истории дипломатических отношений между странами рассматриваемого исторического периода и о роли и значении политико-правовых взглядов Модэ в истории политико-правовых учений Казахстана.

Ключевые слова: Модэ каган, политические и правовые взгляды, государство, архивные документы, гунны, древний Китай, дипломатические отношения.

Ye.T. Omirzhanov, K.Zh. Baitekova

Political and legal views of Modu Chanyu

On the basis of China's historical data and historical legends, in this article considered the life and political activity of the great Hun ruler — Modu Chanyu. Now, on researching the history of political and legal thought of Kazakhstan, many researchers use the portrait method. Because the inadequacy of written documents that have survived to this day, also, that many of the statements of historical personalities have been forgotten, makes it necessary to study and consolidate the personality of each of them. In this connection, in this article, much attention was paid to historical information concerning the personality of Modu Chanyu. The author in the article describes the political relations between the China and the Huns after the murder Touman Chanyu and the coming to power Modu. Studying the political and legal views of Modu, the author focuses on Modu's statements about the impossibility of the existence of the state without land, about the inadmissibility giving lands to others. Also in this paper we study the correspondence Modu with Chinese emperors, from which you can see the history of diplomatic relations between the two countries under reviewed historical period. In conclusion, the author makes a conclusion about the significance and the role of political and legal views of Modu in the history of political and legal doctrines of Kazakhstan.

Keywords: Modu Chanyu, political and legal views, state, archive documents Huns, ancient China, diplomatic relations.

References

- 1 Gumilyov, L.N. (1998). *Hundar [Gunas]*. Almaty: Kazakhstan [in Kazakh].
- 2 Klyashtorny, S.G., & Sultanov, T.I. (2004). *Hosudarstvo i narody Evraziiskikh stepei. Drevnost i srednevekovie [The government and the people of the Eurasian steppes. Antiquity and the Middle Ages]*. Saint Petersburg: Vostokovedenie [in Russian].
- 3 Margulan, A. (1985). *Ezhelhi zhyr, anyzdar: Gylymi-zertteu makalalar [Ancient epics and myths. Research articles]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 4 Salgarin, Q. (1986). *Altyn Tamyр: roman-esse [Golden root: novel-essay]*. Almaty: Zhalyn [in Kazakh].
- 5 Zhurtbaev, T. (1994). *Dulyga. Kone Turki Batyrlar turaly Tarihi afsanalar [Historical legends about ancient Turkic heroes]*. Almaty: Zhalyn [in Kazakh].